

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
ХАТТАМА №2
“№74 Жалпы білім беретін орта мектеп” КММ

Күні: 08.10.2024 жыл

Төрайым – Боранбаева Базар Әуесханқызы

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Мартазеева Арайлым Батырханқызы – кеңес мүшесі
2. Сейбуханова Жанна Булатбековна - кеңес мүшесі
3. Саламатова Жанат Жанабергеновна - кеңес мүшесі
4. Нурмуханова Гауһар Габделмажитовна - кеңес мүшесі
5. Ешманов Жандос Бауыржанұлы-кеңес мүшесі
6. Қонысбай Роллан Султангалиұлы-кеңес мүшесі
7. Рахиев Сауранбек Романович-кеңес мүшесі

Қатысқаны – 8

Қатыспағаны – 1

Күн тәртібінде:

4. Оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыру жағдайы
3. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтау жұмыстары, мектептің әлеуметтік паспортымен таныстыру

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшелерін мектеп директоры Г.К.Бактарбаева күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ж.А.Елекеева сөз алды. 2024-2025 оқу жылының І жарты жылдығы бойынша 283 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Соның ішінде АӘК алатын - 5 оқушы, жетім-1 оқушы, төтенше жағдай бойынша – 4 оқушы, алқалық кеңес шешімімен-13 оқушы, 1-4 сынып арасындағы 260 оқушы.

2024 жылдың қаңтар айында Ақтөбе облысы білім басқармасының бекітуімен берілген жаңа 2 апталық ас мәзірі бойынша оқушыларға ыстық тамақ берілуде. Ас мәзірі бойынша бекітілуге тиісті баға 603 теңге.

Асхананың санитарлық жағдайы, азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру мақсатында бракераж комиссиясы жұмыс жасайды. Бекітілген комиссия мүшелері айына 1 рет жоспарға сай асханаға тексеру жұмыстарын жүргізіп акт, хаттамалары толтырылып отыр. Тексеру қорытындысы мектеп сайтына және инстаграм парақшасына жарияланып отырады.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті әлеуметтік педагог және класс жетекшілері тарапынан қадағаланады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева баяндады: 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айы бойынша мектебімізде 571 оқушы бар. Аз қамтылған отбасы балалары - 49, АӘК алатын отбасы балалары - 14, ондағы бала саны-11. Өгей әкемен тұратын – 1 оқушы, өгей анамен тұратын – 1 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін балалар-3, үйден оқитын балалар - 2. Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы, оқушылар жоқ. Тәуекел

тобындағы оқушылар, мектеп формасын сақтамайтын оқушылар, террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар жоқ.

№	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
	Барлық оқушылар	571	100%
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Толық отбасылар	317	55,5%
2.	Толық емес отбасылар	13	2,3%
3.	Анасы жоқ балалар	3	0,5%
4.	Әкесі жоқ балалар	13	2,3%
5.	Көп балалы отбасы	123	21,5%
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	17	2,9%
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,2%
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	6	1,1%
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
12.	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	430	83,2%
2.	Техникалық және кәсіптік	199	34,8%
3.	Орта	18	3,1%

Шешім: Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстары бақылауда ұсталсын, бракераж комиссиясы өз жұмысын одан әрі жалғастырсын.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы класс жетекшілері тарапынан қадағаланып, уақытында әлеуметтік педагогқа ескертіліп отырсын.

Төрайым Боранбаева Базар Әуесханқызы

Хатшы Нұрмағамбетова Сандұғаш Мұратқызы

1. Мартазеева Арайлым Батырханқызы Мартазеева кеңес мүшесі
2. Сейбуханова Жанна Булатбековна Сейбуханова кеңес мүшесі
3. Саламатова Жанат Жанабергеновна Саламатова кеңес мүшесі
4. Нурмуханова Гауһар Габделмажитовна Нурмуханова кеңес мүшесі
5. Ешманов Жандос Бауыржанұлы Ешманов кеңес мүшесі
6. Қонысбай Роллан Султанғалиұлы Қонысбай кеңес мүшесі
7. Рахиев Сауранбек Романович Рахиев кеңес мүшесі